

**Қазақстан Республикасының  
құқық қорғау органдары  
және сот.**

# Қарастырылатын сұрақтар:

1. Қазақстан Республикасының құқық қорғау қызметінің ерекшеліктері және түрлері.
2. Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьялардың құқықтық мәртебесі.

1.Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары дегеніміз - бұзылған құқықты орнына келтіруге, заң бойынша міндеттің орындалуын қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік органның мәжбүрлеу қызметі.

Осы шараларды қолдау үшін ерекше құқық қорғау органдары құрылады.

Құқық қорғау органдарының жұмысы тек заң шеңберінде ғана жүзеге асырылады және олар мемлекеттің заңдылық негіздерін орнықтыру мен құқық тәртібін нығайтуға жәрдемдеседі.

# Құқық қорғау қызметтері:

- заңдылықты сақтау;
- құқық тәртіпті қамтамасыз ету;
- қоғам, мемлекет, қоғамдық және бірлестіктердің мүддесін қорғау;
- адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау;
- қылмыстық және басқа да құқық бұзушылықты алдына алу;

**Құқық қорғау қызметінің  
бағыттары**

**Конституциялық  
бақылау**

**Сот төрелігі**

**Соттарды  
қамтамасыз ету**

**Прокурорлық  
қадағалау**

**Заң көмегін көрсету және  
қылмыстық істер бойынша  
қорғау**

**Құқық қорғау  
органдары**

```
graph LR; A[Құқық қорғау органдары] --- B[Әділет органдары]; A --- C[Прокуратура органдары]; A --- D[Алдын ала тергеу және анықтау органдары]; A --- E[Сот жүйесі];
```

**Әділет органдары**

**Прокуратура  
органдары**

**Алдын ала тергеу және  
анықтау органдары**

**Сот жүйесі**

## *Әділет органдары.*

ҚР-ның әділет органдары, өз құзыреті шегінде, мемлекеттің қызметінің атқарылуын құқықтық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың жұмысында заңдылық режиміне қолдау жасайтын, азаматтары мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін атқарушы билік органдары болып табылады.

# Әділет органдарының біртұтас жүйесіне:

- Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі;
- Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің комитеттері;
- аумақтық әділет органдары мен мекемелері;



## **Заңға сәйкес әділет органдарының міндеттеріне:**

- заң жобасын дайындау жұмысын жүргізу, заңдарды талдау, жетілдіру, жүйелеу, құқықтық кесімдердің жобаларына заң сараптамасын жүргізу;
- заңды тұлғаларды, жылжымайтын мүлікке құқықтарды және олармен жасалатын мәмілелерді, азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру;
- құқықтық көмекті және заң қызметін көрсетуді ұйымдастыру және құқықтық насихатты қамтамасыз ету;
- сот сараптамасы қызметін ұйымдастыру және жүзеге асыру;
- халықаралық құқықтық қамтамасыз ету;
- шағымдарды қарау және тағы басқа басқармалар мен бөлімшелер;
- қылмыстық жазаларды атқару, қылмыстық жаза атқару органдары мен мекемелерінде құқықтық тәртіп пен заңдылықты қамтамасыз ету және басқалар жатады.


**Адвокатура** - азаматтар мен ұйымдарға заң көмегін көрсету үшін құрылған кәсіптік, өзін-өзі басқаратын ұйым.

**Нотариат** - құқықтар мен фактілерді куәләндіру және нотариаттық іс-әрекеттерді жасау арқылы жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың заң жүзінде бекітілген жүйесі.

*Прокуратура* - заң бұзушылықтарды дер кезінде анықтау және оларды жоюға шаралар қабылдау, кінәлілерді жауапкершілікке тарту, қылмыстық қудалауды жүзеге асыру арқылы заңдардың орындалуы мен қолдануын қадағалауды жүзеге асырады.

## **Прокуратура мемлекет атынан:**

- Конституцияның, заң актілерінің және Президент актілерінің бұзылуын анықтап, оларды жою шараларын жүзеге асырады;
- жедел іздестіру қызметінің, анықтама мен тергеудің, әкімшілік және атқарушылық істер жүргізудің заңдылығына қадағалауды жүзеге асырады;  
сотта мемлекет мүддесін білдіреді;
- ҚР Конституциясы мен заңдарына қайшы келетін заңдарға және құқықтық актілерге наразылық жасайды;
- заңда белгіленген тәртіп пен қылмыстық қудалауды жүзеге асырады;



Республиканың Бас  
Прокурорын Республика  
Парламенті Сенатының  
келісімімен Президент  
тағайындайды.

# БАС ПРОКУРОР ӨЗ ҚҰЗЫРЕТІ ШЕГІНДЕ:



Прокуратураларды, прокуратура органдарының мекемелерін құрады, таратады



Облыс, аудан, қала, әскери прокурорлар ж/е оған теңестірілген прокурорларды, орынбасарларын қызметке



Прокуратура органдарының қызметі туралы Президент алдында есеп береді



ҚР заңдарында берілген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады

## *Ішкі істер органдары.*


**Заң бойынша ішкі істер органдарының міндеттері мыналар:**

- жеке адамның, азаматтың конституциялық құқықтарын қорғау;
- қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- қылмысқа қарсы күресу ;
- өз құзыреті шегінде қылмыстық жазалауды және әкімшілік шараларды қолдануды орындау ;
- жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету және оған жүргізушілер мен автотехника құралдарын пайдалануға мемлекеттік рұқсат беру, жол жүрісі саласындағы ережелердің сақталуын бақылауды жүзеге асыру және т.с.с


Қазақстанның ішкі істер органдарының бірыңғай жүйесі – Ішкі істер министрлігінен, оған бағынышты облыстардағы, қалалардағы, транспорттағы, ішкі істер басқармаларынан, қалалық, аудандық, поселкелік ішкі істер органдарынан, ішкі істер әскерлері және басқа мекемелерден құралады.




# ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ



*КРИМИНАЛДЫҚ  
ПОЛИЦИЯ*



*ӘКІМШІЛІК  
ПОЛИЦИЯ*



*ӘСКЕРИ  
ПОЛИЦИЯ*

# КРИМИНАЛДЫҚ ПОЛИЦИЯ



# ӘКІМШІЛІК ПОЛИЦИЯ

## МІНДЕТТЕРІ

ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІПТІ  
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

АНЫҚТАМА МЕН  
ӘКІМШІЛІК ІС ЖҮРГІЗУДІ  
ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

ҚЫЛМЫСТАР МЕН  
ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ  
БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ  
АНЫҚТАУ

КӘМЕЛЕТКЕ  
ТОЛМАҒАНДАР  
АРАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ  
БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ  
АНЫҚТАУ

ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПТІ  
САҚТАУ

ҚОҒАМДЫҚ  
ҚАУІПСІЗДІКТІ  
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

ЛИЦЕНЗИЯЛАУ МЕН  
РҰҚСАТ ЕТУ ҚЫЗМЕТІ

ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ АЛДЫН  
АЛУ ЖӘНЕ ЖОЛЫН КЕСУ

ҚЫЛМЫСТАРДЫ АШУ

## *Ұлттық қауіпсіздік органдары.*

Қауіпсіздік органдары жеке адамды, қоғам мен мемлекетті ішкі және сыртқы қауіп – қатерден заңға сәйкес қорғауды жүзеге асыратын арнаулы органдар.

Ұлттық қауіпсіздік органдары негізінен ҚР-ның Ұлттық қауіпсіздік комитетінен, оның жергілікті органдарынан және басқа да тиісті мекемелерінен құралады.

**Сот төрелігі - соттың сот шешімдерінің заңдылығын, негізділігін, әділдігін және жалпыға міндеттілігін қамтамасыз ететін заң талаптары мен онда белгіленген тәртібін бұлжытпай сақтау кезінде азаматтық, қылмыстық және өзге де заңмен белгіленген сот ісін жүргізу нысандарын қарау бойынша құқық қорғау қызметін жүзеге асыру.**

# ҚР сот жүйесі 3 буыннан тұрады:

**Жоғарғы  
буын**

- ҚР Жоғарғы соты

**Орта буын**

- Облыстық және оларға теңестірілген соттар (республика астанасының қалалық соты, республикалық маңызы бар қалалардың қалалық соттары, мамандандырылған соттар)

**Негізгі  
буын**

- Аудандық және оларға теңестірілген соттар (қалалық, ауданаралық, аудандық мамандандырылған сот)

# Аудандық соттың құрамы



# Облыстық соттың құрылымы мен құрамы





**Облыстық  
соттың  
органдары**



```
graph TD; A[Облыстық соттың органдары] --- B[Жалпы отырыс]; A --- C[Апелляциялық сот алқасы]; A --- D[Кассациялық сот алқасы]
```

**Жалпы  
отырыс**

**Апелляциялық  
сот алқасы**

**Кассациялық  
сот алқасы**



## Судьяның тәуелсіздігі:

- 1) сот төрелігін жүзеге асырудың заңда көзделген рәсімімен;
- 2) судьяның сот төрелігін іске асыру жөніндегі қызметіне араласқаны үшін, сондай-ақ сотты және судьяларды сыйламағандық үшін заңда жауаптылық белгілеумен;
- 3) судьяға ешкімнің тиіспеуімен;
- 4) Конституцияда және осы Конституциялық заңда белгіленген судьяны қызметке сайлау, тағайындау, судьяның өкілеттігін тоқтату және тоқтата тұру тәртібімен, судьяның орнынан түсу құқығымен;
- 5) судьяларға мемлекет есебінен олардың мәртебесіне сәйкес материалдық жағдай жасау және әлеуметтік қамсыздандыру, сондай-ақ оны нашарлатуға тыйым салу арқылы қамтамасыз етіледі

## **Судьяға қойылатын талаптар:**

1) Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын бұлжытпай сақтауға, судьяның антына адал болуға;

2) сот төрелігін іске асыру жөніндегі өзінің конституциялық міндетін , судья әдебі талаптарын сақтауға, судьяның беделі мен қадір-қасиетін түсіретін немесе оның адалдығына, әділдігіне, объективтілігі мен алаламаушылығына күмән туғызатын барлық нәрседен аулақ болуға;

3) сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне және сот төрелігін іске асыру жөніндегі қызметке заңсыз араласу әрекеттеріне қарсы тұруға;

4) судьялар кеңесінің құпиясын сақтауға міндетті.